

"Мұнай өнімдерін өндіру және өткізу мониторингінің жүзеге асырылу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 236 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2025 жылғы 11 маусымдағы № 234-н/қ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 11 маусымда № 36250 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мұнай өнімдерін өндіру және өткізу мониторингінің жүзеге асырылу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 236 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10950 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 5) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мұнай өнімдерін өндіру және өткізу мониторингінің жүзеге асырылу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай тасымалдау және өндеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Каржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау және

реформалар агенттігінің

Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі

министрлігі

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрі

2025 жылғы 11 маусымдағы

№ 234-н/қ бұйрыққа

қосымша

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрінің

2015 жылғы 27 наурыздағы

№ 236 бұйрығымен

bekitilgen

Мұнай өнімдерін өндіру және өткізу мониторингінің жүзеге асырылу қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Мұнай өнімдерін өндіру және өткізу мониторингінің жүзеге асырылуы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабы 5) тармақшасына сәйкес әзірленген және мұнай өнімдерін өндіру және өткізу мониторингін жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) автожанармай қую станциясы – мұнай өнімдерін сақтауды және бөлшек сауда арқылы өткізуді қамтамасыз ететін, есепке алатын бақылау аспаптарымен жарақтандырылған технологиялық кешен және жабдық;

2) кеден ісі саласындағы уәкілетті орган – кеден ісі саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3) мұнай беруші – өзі дербес өндірген, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес заттай нысанда төленетін салықтар ретінде Қазақстан Республикасы алған, Қазақстан Республикасының аумағына өзі дербес әкелген (оның ішінде импорттаған) және (немесе) өзара байланысты жер қойнауын пайдаланушыдан және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді (оның ішінде импорттауды) жүзеге асырған тұлғадан тікелей сатып алған шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын мұнай өнімдерін өндірушіге, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өндеу зауыттарына беретін және осындай мұнайды және (немесе) газ конденсатын қайта өндеу нәтижесінде алған мұнай өнімдерін осы Занда белгіленген шарттармен өткізуді жүзеге асыратын занды тұлға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына дербес әкелінген (оның ішінде импортталған) және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді (оның ішінде импорттауды) жүзеге асырған тұлғадан сатып алған және (немесе) жер қойнауын пайдаланушы өзі дербес өндірген шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын қайта өндеу нәтижесінде алған және (немесе) оларды өзі дербес өндірген шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын қайта өндеу нәтижесінде алған өзара байланысты жер қойнауын пайдаланушыдан тікелей сатып алған шикі мұнайды немесе газ конденсатын қайта өндеу өнімдерін мұнай өнімдерін өндірушіге (қуаты аз мұнай өнімдерін өндірушіні қоспағанда) беретін занды тұлға;

4) қуаты аз мұнай өнімдерін өндіруші – жобалық қуаты жылына сегіз жұз мың тоннадан кем шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын өндеу көлемін көздейтін технологиялық қондырғыларда мұнай өнімдерін өндіруді жүзеге асыратын мұнай өнімдерін өндіруші;

5) мұнай өнімдері – мұнай өнімдерінің жекелеген түрлері: бензин, авиациялық және дизель отыны, мазут, жол битумы;

6) мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы беруші – мұнай өнімдерін өндірушілерден, мұнай берушілерден және (немесе) импорттаушылардан одан әрі өткізу мақсаттары үшін мұнай өнімдерін сатып алуды жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе занды тұлға;

7) мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган – мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

8) мұнай өнімдерін өндіруші – меншік құқығында және (немесе) өзге де занды негіздерде мұнай өндеу зауыты бар және өндіріс паспортына сәйкес мұнай өнімдерін өндіруді, сондай-ақ өндірілген меншікті мұнай өнімдерін өткізуді және (немесе) алыс-беріс шикізатын қайта өндеу өнімі болып табылатын мұнай өнімдерін беруді жүзеге асыратын занды тұлға;

9) мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы есепке алатын бақылау аспаптары деректерінің операторы – мұнай өнімдерінің айналымы

саласындағы уәкілетті органға, оның аумақтық бөлімшелеріне, сондай-ақ мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға есепке алатын бақылау аспаптары деректерінің автоматтандырылған онлайн-берілуін қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлға;

10) уәкілетті органның ақпараттық жүйесі – жер қойнауын пайдалану саласындағы ақпаратты жинауға, сақтауға, талдауға және өндеге арналған "Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі" интеграцияланған ақпараттық жүйесі;

11) мұнай өнімдерінің базасы – мұнай өнімдерін қабылдауға, сақтауға, тиеп-жөнелтуге және өткізуге арналған технологиялық жабдықты, резервуар паркін, техникалық құрылғылар мен коммуникацияларды қамтитын ғимараттар мен құрылыштар кешені.

Осы Қағидалардың мақсаттары үшін Заңның 11-1-бабына сәйкес мынадай шарттардың кемінде біреуі сақталған кезде:

мұнай берушіге жер қойнауын пайдаланушыдағы акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тиесілі болса;

жер қойнауын пайдаланушыға мұнай берушідегі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тиесілі болса;

мұнай берушінің және жер қойнауын пайдаланушыны мұнай берушідегі және жер қойнауын пайдаланушыдағы акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тиесілі тұлға бақыласа, жер қойнауын пайдаланушымен өзара байланысты тұлға мұнай беруші деп танылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Заңға сәйкес қолданылады.

3. Мұнай өнімдерінің өндірісі мен айналымының мониторингін мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады және ол:

1) Қазақстан Республикасында олардың өндірілетін мұнай өнімдері көлемінің түрлері бойынша мониторингін;

2) Қазақстан Республикасында мұнай өнімдерін өткізу, оның ішінде мұнай өнімдерін экспорттау және импорттау мониторингін;

3) Қазақстан Республикасында өндірілетін мұнай өнімдерінің көтерме және бөлшек саудадағы бағаларының мониторингін;

4) мұнай өнімдерінің облыстарға, республикалық маңызы бар қала мен астанаға қажеттілігінің мониторингін;

5) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай базаларындағы мұнай өнімдері көлемінің мониторингін қамтиды.

4. Мұнай өнімдерін өндіру мен өткізу мониторингі жөніндегі ақпаратты мұнай өнімдерін өндірушілер, қуаты аз мұнай өнімдерін өндірушілер, мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілер, мұнай берушілер, мұнай өнімдері базаларының иелері, жергілікті атқарушы органдар, кеден ісі саласындағы уәкілетті орган ұсынған

мәліметтер, сондай-ақ Занға сәйкес айқындалған мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы есепке алатын бақылау аспаптары деректерінің операторы ұсынған мәліметтер негізінде мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган қалыптастырады.

2-тарау. Өндірілетін және өткізілген мұнай өнімдерін мониторингілеу тәртібі

5. Мұнай өнімдерін өндірушілер мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға:

1) күн сайын, есепті күннен кейінгі күні сағат 04:00-ге дейін, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі ақпаратты;

2) күн сайын, есепті күннен кейінгі күні сағат 11:00-ге дейін, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мұнай өнімдерінің негізгі түрлерін тиеп-жөнелту жөніндегі ақпаратты;

3) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мұнай өнімдерін өндіру жөніндегі ақпаратты;

4) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мұнай өнімдерін тиеп-жөнелту жөніндегі ақпаратты ;

5) күн сайын, есепті күннен кейінгі күні сағат 13:00-ге дейін осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндірушінің атауы бар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін дизель отынын тиеп-жөнелту жөніндегі ақпаратты;

6) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейін осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі ақпаратты;

7) күн сайын, есепті күннен кейінгі күні сағат 13:00-ге дейін осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мұнай өнімдерін тиеп-жөнелту жөніндегі ақпаратты ;

8) күн сайын, есепті күннен кейінгі күні сағат 13:00-ге дейін осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндірушінің атауы бар жылыту маусымы кезінде әлеуметтік-өндірістік объектілер мен мекемелер үшін мазутты тиеп-жөнелту жөніндегі ақпаратты ұсынады.

6. Қуаты аз мұнай өнімдерін өндірушілер мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға:

1) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мұнай өнімдерін өндіру жөніндегі ақпаратты;

2) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейін осы Қағидаларға 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мұнай өнімдерін жөнелту жөніндегі ақпаратты;

3) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейін осы Қағидаларға 6-қосымшага сәйкес нысан бойынша мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы бойынша ақпаратты ұсынады.

7. Мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілер мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға:

1) күн сайын, есепті күннен кейінгі күні сағат 13:00-ге дейін осы Қағидаларға 5-қосымшага сәйкес нысан бойынша өндірушінің атауы бар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін дизель отынын тиеп-жөнелту жөніндегі ақпаратты;

2) күн сайын, есепті күннен кейінгі күні сағат 13:00-ге дейін осы Қағидаларға 7-қосымшага сәйкес нысан бойынша мұнай өнімдерін тиеп-жөнелту жөніндегі ақпаратты;

3) күн сайын, есепті күннен кейінгі күні сағат 13:00-ге дейін осы Қағидаларға 8-қосымшага сәйкес нысан бойынша өндірушінің атауы бар жылыту маусымы кезінде әлеуметтік-өндірістік объектілер мен мекемелер үшін мазутты тиеп-жөнелту жөніндегі ақпаратты;

4) күн сайын, есепті күннен кейінгі күні сағат 13:00-ге дейін осы Қағидаларға 9-қосымшага сәйкес нысан бойынша әуежайлар үшін авиациялық отынды тиеп-жөнелту жөніндегі ақпаратты;

5) күн сайын, есепті күннен кейінгі күні сағат 13:00-ге дейін осы Қағидаларға 10-қосымшага сәйкес нысан бойынша мұнай өнімдеріне арналған көтерме сауда бағалары жөніндегі ақпаратты;

6) күн сайын, есепті күннен кейінгі күні сағат 13:00 дейін осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мұнай өнімдерін импорттау жөніндегі ақпаратты ұсынады.

8. Мұнай берушілер мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға:

1) күн сайын, есепті күннен кейінгі күні сағат 11:00-ге дейін, осы Қағидаларға 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша мұнай өнімдерінің негізгі түрлерін тиеп-жөнелту бойынша ақпаратты;

2) күн сайын, есепті күннен кейінгі күні сағат 13:00-ге дейін осы Қағидаларға 5-қосымшага сәйкес нысан бойынша өндірушінің атауы бар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін дизель отынын тиеп-жөнелту жөніндегі ақпаратты;

3) күн сайын, есепті күннен кейінгі күні сағат 13:00-ге дейін осы Қағидаларға 8-қосымшага сәйкес нысан бойынша өндірушінің атауы бар жылыту маусымы кезінде әлеуметтік-өндірістік объектілер мен мекемелер үшін мазутты тиеп-жөнелту жөніндегі ақпаратты;

4) күн сайын, есепті күннен кейінгі күні сағат 13:00-ге дейін осы Қағидаларға 9-қосымшага сәйкес нысан бойынша әуежайлар үшін авиациялық отынды тиеп-жөнелту жөніндегі ақпаратты ұсынады.

9. Өнірлердің мұнай өнімдеріне деген қажеттілігінің мониторингі жөніндегі ақпаратты Занға сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары ұсынатын мәліметтер негізінде мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган қалыптастырады.

10. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары ағымдағы жылғы 15 желтоқсанға дейін мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға:

1) бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленген бөлшек сауда арқылы өткізуге;

2) жылу беру кезеңінде жылумен қамтамасыз ететін ұйымдардың мұнай өнімдерін тұтыну жөніндегі болжамды ұсынады.

11. Өнірлердегі бөлшек сауда бағаларының мониторингі жөніндегі ақпаратты жергілікті атқарушы органдар ұсынған деректер негізінде мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган қалыптастырады.

12. Жергілікті атқарушы органдар күн сайын, сағат 13.00-ге дейін мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бөлінісінде автожанармай құю станцияларындағы бөлшек сауда бағалары жөніндегі ақпаратты ұсынады.

13. Мұнай өнімдері базаларының иелері мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға:

1) күн сайын, есепті күннен кейінгі күні сағат 13:00-ге дейін осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мұнай өнімдерін тиеп-жөнелту жөніндегі ақпаратты ;

2) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейін осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мұнай өнімдерінің түсімі мен өткізілуі жөніндегі ақпаратты;

3) күн сайын, есепті күннен кейінгі күні сағат 09:00-ге дейін осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтаудағы мұнай өнімдерінің нақты бар болуы жөніндегі ақпаратты ұсынады.

14. Стационарлық автожанармай құю станцияларының иелері Занға сәйкес айқындалған мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы есепке алатын бақылау аспаптары деректерінің операторы осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нақты уақыт режимінде бағалар бойынша бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізу туралы мәліметтер мәліметтерді ұсынады.

15. Кеден ісі саласындағы уәкілетті органы мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға ай сайын 15-күнге дейін осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экспортталған және импортталған мұнай өнімдері жөніндегі ақпаратты ұсынады.

16. Мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган мұнай өнімдерін өндіру және оның айналымы бойынша ұсынылған ақпаратты талдайды.

17. Талдаудың қорытындысы бойынша мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган ұсынылған ақпаратты жүйелейді және мыналарды:

1) күн сайын, сағат 09:00-ге дейін мұнай өнімдерін өндірушілер бойынша мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі тәулік сайынғы жиынтық ақпаратты;

2) күн сайын, сағат 13:00-ге дейін мұнай өнімдерін өндірушілер бойынша мұнай өнімдерін тиеп-жөнелту жөніндегі жиынтық ақпаратты;

3) күн сайын, сағат 13:00-ге дейін мұнай өнімдерін өндірушілер бойынша әлеуметтік маңызы бар мұнай өнімдерін тиеп-жөнелту жөніндегі жиынтық ақпаратты;

4) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейін мұнай өнімдерін өндірушілер бойынша мұнай өнімдерін өндіру жөніндегі жиынтық ақпаратты;

5) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейін мұнай өнімдерін өндірушілер бойынша мұнай өнімдерін тиеп-жөнелту жөніндегі жиынтық ақпаратты;

6) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 12-күніне дейін қуаты аз мұнай өнімдерін өндірушілер бойынша мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі жиынтық ақпаратты;

7) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 12-күніне дейін қуаты аз мұнай өнімдерін өндірушілер бойынша мұнай өнімдерін тиеп-жөнелту жөніндегі жиынтық ақпаратты;

8) күн сайын, сағат 16:00-ге дейін мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілер бойынша мұнай өнімдерін тиеп-жөнелту жөніндегі жиынтық ақпаратты;

9) күн сайын, сағат 16:00-ге дейін мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілер бойынша агротехникалық жұмыстарды жүргізу кезінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін дизель отынын тиеп-жөнелту жөніндегі жиынтық ақпаратты;

10) күн сайын, сағат 16:00-ге дейін мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілер бойынша жылдық маусымы кезінде әлеуметтік-өндірістік объектілер мен мекемелер үшін мазутты тиеп-жөнелту жөніндегі жиынтық ақпаратты;

11) апта сайын, әр жұмада мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілер бойынша әуежайлар үшін авиациялық отынды тиеп-жөнелту жөніндегі жиынтық ақпаратты;

12) апта сайын, әр дүйсенбіде мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілер бойынша көтерме сауда бағалары жөніндегі ақпаратты;

13) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне дейін жергілікті атқарушы органдар бойынша өнірлердің қажеттілігі жөніндегі мәліметтерді;

14) күн сайын, сағат 16:00-ге дейін Қазақстан Республикасындағы бөлшек сауда бағалары бойынша мәліметтерді;

15) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне дейін мұнай өнімдерін экспорттау және импорттау жөніндегі мәліметтерді қалыптастырады.

Мұнай өнімдерін өндіру және
өткізу мониторингінің жүзеге
асырылу қағидаларына
1-косымша

Мунай және мунай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі тәуліктік аппарат

Ұсынылады: мунай өнімдерін өндіру саласындағы үәкілетті органға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: <https://egsu.energo.gov.kz>.

Әкімшілік нысаннның атаяу: Мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі тәүліктік ақпарат.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысаннның индексі: ММӘКЖТА-1.

Кезенділік: күніне бір рет.

Есепті кезең: 20 жыл ай.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: мунай өнімдерін өндірушілер.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: күн сайын, есепті күннен кейінгі күні сағат 04:00-ге дейін.

ЖСН/БСН

Жинау әдісі: электрондық турде

Мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі тәуліктік ақпарат

Шикі мұнай және (немесе) газ конденсаты түсімі , тонна	Шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатының өндіреу, тонна							
1	2	3	4					
б і р тәулікте	айдың басынан бері	б і р тәулікте	айдың басынан бері					

Өндіру, тонна

{мұнай өнімдері 1}	{мұнай өнімдері 2}	...	{мұнай өнімдері n}
бір тәулікте	айдың басынан бері	бір тәулікте	айдың басынан бері

Тиеп-жөнелту, тонна

{мұнай өнімдері 1}	{мұнай өнімдері 2}	...	{ мұнай өнімдері n}

бір тәулікте	айдың басынан бері						
--------------	--------------------	--------------	--------------------	--------------	--------------------	--------------	--------------------

Жалпы қалдық (алынатын), тонна

Шикі мұнай және (немесе) газ конденсаты	{мұнай өнімдері 1 } ...	{мұнай өнімдері 2 }	...	{мұнай өнімдері n}
---	-------------------------	---------------------	-----	--------------------

Оның ішінде маркалар бойынша паспорттық қалдық, тонна

Шикі мұнай және (немесе) газ конденсаты	{мұнай өнімдері 1 }	{мұнай өнімдері 2 }	...	{мұнай өнімдері n}
---	---------------------	---------------------	-----	--------------------

Алынбайтын қалдық, тонна

шикі мұнай және (немесе) газ конденсаты	{мұнай өнімдері 1 }	{мұнай өнімдері 2 }	...	{мұнай өнімдері n}
---	---------------------	---------------------	-----	--------------------

Атауы: _____

Мекенжайы: _____

Электрондық пошта мекенжайы: _____

Орындаушы: _____ қолы: _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

телефоны: _____

Басшы немесе оның міндеттін атқарушы адам

_____ қолы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ескертпе: "Мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі тәуліктік ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген

"Мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі тәуліктік ақпарат" әкімшілік деректерінен арналған нысанға
қосымша

"Мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі тәуліктік ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. "Мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі тәуліктік ақпарат" нысаны "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Кестеде нысан мынадай түрде толтырылады:

1-бағанда бір тәулікте шикі мұнайдың және (немесе) газ конденсатының түсімі көрсетіледі (тонна);

2-бағанда айдың басынан бастап шикі мұнайдың және (немесе) газ конденсатының түсімі көрсетіледі (тонна);

3-бағанда бір тәулікте шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын өндеу көрсетіледі (тонна);

4-бағанда айдың басынан бастап шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын өндеу көрсетіледі (тонна).

Мұнай өнімдерін өндіру және
өткізу мониторингінің жүзеге
асырылу қағидаларына
2-қосымша

Мұнай өнімдерінің негізгі түрлерін тиеп-жөнелту жөніндегі тәуліктік ақпарат

Ұсынылады: мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: <https://egsu.energo.gov.kz>.

Әкімшілік нысанның атауы: Мұнай өнімдерінің негізгі түрлерін тиеп-жөнелту жөніндегі тәуліктік ақпарат.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: МӨНТТЖТА-1.

Кезеңділік: күніне бір рет.

Есепті кезең: 20 жыл ай.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: мұнай өнімдерін өндірушілер, мұнай берушілер.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: күн сайын, есепті күннен кейінгі күні сағат 11:00-ге дейін.

ЖСН/БСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электрондық түрде

Мұнай өнімдерінің негізгі түрлерін тиеп-жөнелту жөніндегі тәуліктік ақпарат

p/c	Облыстар, республиканың бар қалалар, астана	Аи-92/93 бензині	Аи-95 бензині	Дизель отыны	Авиакеросин	Мазут	Сұйылтылған көмірсутекті газ	Ж ол битумы

	1	2	3	4	5	6	7	8
	бір тәулікте	айдың басынан бастап	бір тәулікте	айдың басынан бастап				
1	Облыс 1							
	Мұнай беру ші 1							
	Мұнай беру ші 2							
2	Облыс 2							
	Мұнай беру ші 1							
	Мұнай беру ші 2							
	Барлығы ҚР бойынша							

Атауы: _____

Мекенжайы: _____

Электрондық пошта мекенжайы: _____

Орындаушы: _____ қолы: _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

телефоны: _____

Басшы немесе оның міндеттін атқарушы адам

қолы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ескертпе: "Мұнай өнімдерінің негізгі түрлерін тиеп-жөнелту жөніндегі тәуліктік ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

"Мұнай өнімдерінің негізгі
түрлерін тиеп-жөнелту
жөніндегі тәуліктік ақпарат"
әкімшілік деректеріне
арналған нысанға
қосымша

"Мұнай өнімдерінің негізгі түрлерін тиеп-жөнелту жөніндегі тәуліктік ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. "Мұнай өнімдерінің негізгі түрлерін тиеп-жөнелту жөніндегі тәуліктік ақпарат" нысаны "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Кестедегі нысан мынадай түрде толтырылады:

1-бағанда облыс және Астана, Алматы, Шымкент қалалары көрсетіледі*;

2-бағанда бір тәуліктегі және айдың басынан бастап Аи-80 бензині бойынша ақпарат көрсетіледі (тонна);

3-бағанда бір тәуліктегі және айдың басынан бастап Аи-92/93 бензині бойынша ақпарат (тонна);

4-бағанда бір тәуліктегі және айдың басынан бастап Аи-95 бензині бойынша ақпарат (тонна);

5-бағанда бір тәуліктегі және айдың басынан бастап дизель отыны бойынша ақпарат (тонна);

6-бағанда бір тәуліктегі және айдың басынан бастап авиакеросин бойынша ақпарат (тонна);

7-бағанда бір тәуліктегі және айдың басынан бастап мазут бойынша ақпарат (тонна);

8-бағанда бір тәуліктегі және айдың басынан бастап сұйытылған көмірсутекті газ бойынша ақпарат (тонна).

*Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 2-НҚ бұйрығымен бекітілген "Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы" ҚР ҰК 11 "Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне" сәйкес

Мұнай өнімдерін өндіру және
өткізу мониторингінің жүзеге
асырылу қағидаларына
3-қосымша

Мұнай өнімдерін өндіру жөніндегі ай сайынғы ақпарат

Ұсынылады: мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: <https://egsu.energo.gov.kz>.

Әкімшілік нысаның атауы: Мұнай өнімдерін өндіру жөніндегі ай сайынғы ақпарат.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысаның индексі: МОӘЖАА-1.

Кезеңділік: айына бір рет.

Есепті кезең: 20__жыл__ай.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: мұнай өнімдерін өндірушілер, қуаты аз мұнай өнімдерін өндірушілер.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейін.

ЖСН/БСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электрондық түрде

1-кесте

Мұнай өнімдерін өндіру жөніндегі ай сайынғы ақпарат

Шикізат түрі	Өлшем бірлігі	Өнделген шикі мұнай, газ конденсаты немесе өнделген мұнай өнімдерінің коспалары (ӨМК)		Өнім өндіру
		бір айда	жыл басынан бастап	
1	2	3	4	5
				Мұнай өнімі 1, оның ішінде
				1 марка
				2 марка
				Мұнай өнімі 2, оның ішінде
				1 марка
				2 марка
				Мұнай өнімі 3, оның ішінде
				1 марка
				2 марка
				Мұнай өнімі 4, оның ішінде
				1 марка
				2 марка

2-кесте

Мұнай өнімдерін өндіру жөніндегі ай сайынғы ақпарат

өлшем бірлігі	жалпы өндіріс		тауарлық өндіріс		Ескертпе
	бір айда	жыл басынан бастап	бір айда	жыл басынан бастап	
1	2	3	4	5	6

Атауы: _____

Мекенжайы: _____

Электрондық пошта мекенжайы: _____

Орындаушы: _____ қолы: _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

телефоны: _____

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

_____ қолы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ескертпе: "Мұнай өнімдерін өндіру жөніндегі ай сайынғы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

"Мұнай өнімдерін өндіру
жөніндегі ай сайынғы ақпарат"
әкімшілік деректеріне
арналған нысанға
қосымша

"Мұнай өнімдерін өндіру жөніндегі ай сайынғы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. "Мұнай өнімдерін өндіру жөніндегі бойынша ай сайынғы ақпарат" нысаны "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленді.

2. 1-кестедегі нысан мынадай түрде толтырылады:

1-бағанда шикізат түрі көрсетіледі;

2-бағанда өлшем бірлігі көрсетіледі (тонна);

3-бағанда – бір айда өндөлген шикі мұнайдың, газ конденсатының және (немесе) өндөлген мұнай өнімдері қоспаларының (ӨМҚ) көлемі (тонна);

4-бағанда – жыл басынан бастап өндөлген шикі мұнайдың, газ конденсатының және (немесе) өндөлген мұнай өнімдері қоспаларының (ӨМҚ) көлемі (тонна);

5-бағанда – маркалары және түрлері бойынша мұнай өнімдерінің өндірісі.

3. 2-кестедегі нысан мынадай түрде толтырылады:

1-бағанда – өлшем бірлігі (тонна) көрсетіледі;

2-бағанда – бір айдағы жалпы өндіріс (тонна);

3-бағанда – жыл басынан бастап жалпы өндіріс (тонна);

4-бағанда – бір айдағы тауарлық өндіріс (тонна);

5-бағанда – жыл басынан бастап тауарлық өндіріс (тонна).

Мұнай өнімдерін өндіру және
өткізу мониторингінің жүзеге
асырылу қагидаларына
4-қосымша

Мұнай өнімдерін тиеп-жөнелту жөніндегі ай сайынғы ақпарат

Ұсынылады: мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: <https://egsu.energo.gov.kz>.

Әкімшілік нысанның атауы: Мұнай өнімдерін тиеп-жөнелту жөніндегі ай сайынғы ақпарат

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: МӨТЖАА-1.

Кезеңділік: айына бір рет.

Есепті кезең: 20__ жыл__ ай.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: мұнай өнімдерін өндірушілер, қуаты аз мұнай өнімдерін өндірушілер.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне дейін.

ЖСН/БСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электрондық түрде

1-кесте

Мұнай өнімдерін тиеп-жөнелту жөніндегі ай сайынғы ақпарат

Облыстар, республик алық маңызы б а р қалалар, астана	Мұнай өнімі 1, тонна							
	Барлығы		маркалар бойынша					
	бір айда	ж ы л басынан бастап	бір айда	ж ы л басынан бастап	бір айда	ж ы л басынан бастап	бір айда	ж ы л басынан бастап
1	2	3	4	5	6	7	8	9
экспорт								
Жиыны								

2-кесте

Мұнай өнімдерін тиеп-жөнелту жөніндегі ай сайынғы ақпарат

Мұнай өнімі 1, тонна			
Барлығы		маркалар бойынша	
бір айда	ж ы л басынан бастап	бір айда	ж ы л басынан бастап
1	2	3	4

Атауы: _____

Мекенжайы: _____

Электрондық пошта мекенжайы: _____

Орындаушы: _____ қолы: _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

телефоны: _____

Басшы немесе оның міндеттін атқарушы адам

_____ қолы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ескертпе: "Мұнай өнімдерін тиеп-жөнелту жөніндегі ай сайынғы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

"Мұнай өнімдерін тиеп-жөнелту
жөніндегі ай сайынғы ақпарат"
әкімшілік деректеріне
арналған нысанға
қосымша

"Мұнай өнімдерін тиеп-жөнелту бойынша ай сайынғы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. "Мұнай өнімдерін тиеп-жөнелту жөніндегі ай сайынғы ақпарат" нысаны "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленді.

2. 1-кестедегі нысан мынадай түрде толтырылады:

1-бағанда өнір (облыс), экспортталатын және жалпы тиеп-жөнелтілген мұнай өнімдерінің көлемі көрсетіледі (тонна)*;

2-бағанда – мұнай өнімдерінің бір айдағы жалпы көлемі (тонна);

3-бағанда – мұнай өнімдерінің жыл басынан бастап жалпы көлемі (тонна);

4-бағанда – маркалары бойынша бір айдағы мұнай өнімдерінің көлемі (тонна);

5-бағанда – маркалары бойынша жыл басынан мұнай өнімдерінің көлемі (тонна);

3. 2-кестедегі нысан мынадай түрде толтырылады:

1-бағанда – мұнай өнімдерінің бір айдағы жалпы көлемі (тонна);

2-бағанда – мұнай өнімдерінің жыл басынан бастап жалпы көлемі (тонна);

3-бағанда – маркалары бойынша бір айдағы мұнай өнімдерінің көлемі (тонна);

4-бағанда – маркалары бойынша жыл басынан мұнай өнімдерінің көлемі (тонна).

*Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 2-НҚ бүйрығымен бекітілген "Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы" ҚР ҰК 11 "Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне" сәйкес.

Мұнай өнімдерін өндіру және
өткізу мониторингінің жүзеге
асырылу қагидаларына
5-қосымша

Өндірушінің атауы бар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін дизель отынын тиеп-жөнелту жөніндегі тәуліктік ақпарат

Ұсынылады: мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: <https://egsu.energo.gov.kz>.

Әкімшілік нысанның атауы: Өндірушінің атауы бар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін дизель отынын тиеп-жөнелту жөніндегі тәуліктік ақпарат.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: ӨАБАШӨӨДОТЖЖТА-1.

Кезеңділік: күніне бір рет.

Есепті кезең: 20 __ жыл __ ай.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: мұнай өнімдерін өндірушілер, қуаты аз мұнай өнімдерін өндірушілер.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: күн сайын, есепті күннен кейінгі күні сағат 13:00-ге дейін

ЖСН/БСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электрондық түрде

1-кесте

Өндірушінің атауы бар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін дизель отынын тиеп-жөнелту жөніндегі тәуліктік ақпарат

Облыстар, респубикалық маңызы бар қалалар, астана	20 __ жылғы есепті айға арналған график бойынша саны	үлестіру бойынша көлемі	Атауы	Беруге арналған шарт жасалды	
				Өнім беруші тарапынан қол койылған	оператор тарапынан қол койылған
1	2	3	4	5	6
Облыс 1					
жыны					
Облыс 2					
жыны					
Барлығы:					

2-кесте

Өндірушінің атауы бар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін дизель отынын тиеп-жөнелту жөніндегі тәуліктік ақпарат

	Mұнай өндіеу зауытына		
--	-----------------------	--	--

Төлем шоты қойылды	Төленгендердің саны тоннамен	мәлімделгені тоннамен	Ағымдағы күнге тиеп-жөнелтілгे ні	Тиеп-жөнелтілм егеннің қалдығы тоннамен	Төленбекендерді н саны тоннамен
1	2	3	4	5	6

Атауы: _____

Мекенжайы: _____

Электрондық пошта мекенжайы: _____

Орындаушы: _____ қолы: _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

телефоны: _____

Басшы немесе оның міндеттін атқарушы адам

_____ қолы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ескертпе: "Өндірушінің атауы бар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін дизель отынын тиеп-жөнелту жөніндегі тәуліктік ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанга қосымшада келтірілген.

"Өндірушінің атауы бар ауыл
шаруашылығы өнімдерін
өндірушілер үшін дизель
отынын тиеп-жөнелту жөніндегі
тәуліктік ақпарат" әкімшілік
деректеріне арналған нысанга
қосымша

"Өндірушінің атауы бар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін дизель отынын тиеп-жөнелту жөніндегі тәуліктік ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. "Өндірушінің атауы бар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін дизель отынын тиеп-жөнелту жөніндегі тәуліктік ақпарат" нысаны "Мұнай өнімдерінің жекелеген тұрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Кестедегі нысан өнімнің бір түріне мынадай түрде толтырылады:

1-бағанда өнір (облыс) көрсетіледі*;

2-бағанда – 20__ жылғы есепті айға арналған график бойынша саны;

3-бағанда – үлестіру бойынша көлемі (тонна);

4-бағанда – өндірушінің атауы;

5-бағанда – өнім беруші тарапынан қол қойылған беруге арналған жасалған шарттар;

6-бағанда – оператор тарапынан қол қойылған беруге арналған жасалған шарттар;

3. 2-кестедегі нысанда әр баған мынадай түрде толтырылады:

1-бағанда – шығарылған төлем шотының сомасы көрсетіледі;

2-бағанда – төленгендердің саны тоннамен;

- 3-бағанда – мұнай өндіру зауытына мәлімделгені тоннамен;
 4-бағанда – ағымдағы күнге тиеп-жөнелтілгені (тонна);
 5-бағанда – тиеп-жөнелтілмегеннің қалдығы тоннамен;
 6-бағанда – төленбекендердің саны тоннамен.

*Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 2-НҚ бұйрығымен бекітілген "Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы" ҚР ҰК 11 "Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне" сәйкес

Мұнай өнімдерін өндіру және
өткізу мониторингінің жүзеге
асырылу қагидаларына
6-қосымша

Мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі ай сайынғы ақпарат

Ұсынылады: мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: <https://egsu.energo.gov.kz>.

Әкімшілік нысанның атауы: Мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі ай сайынғы ақпарат

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: ММӨҚЖАА-1.

Кезеңділік: айына бір рет.

Есепті кезең: 20 __ жыл __ ай.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: мұнай өнімдерін өндірушілер, қуаты аз мұнай өнімдерін өндірушілер.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейін

ЖСН/БСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электрондық түрде

1-кесте

Мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі ай сайынғы ақпарат

Мұнай беруші	өндіруші компания	кен орны	Шикі мұнайдың, газ конденсатының және (немесе) өнделген мұнай өнімдері қоспаларының (ӨМҚ) түсімі, тонна	Өнделген шикі мұнайдың, газ конденсатының және (немесе) өнделген мұнай өнімдерінің қоспалары (ӨМҚ), тонна
			бір айда	жыл басынан бастап
			бір айда	жыл басынан бастап

1	2	3	4	5	6	7
Барлығы						

2-кесте

Мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі ай сайынғы ақпарат

Өндіру (мұнай өнімдерінің маркаларын көрсете отырып), тонна							
Мұнай өнімі 1		Мұнай өнімі 2		Мұнай өнімі 3		...	
бір айда	ж ы л басынан бастап	бір айда	ж ы л басынан бастап	бір айда	ж ы л басынан бастап	бір айда	ж ы л басынан бастап
1	2	3	4	5	6	7	8

3-кесте

Мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі ай сайынғы ақпарат

Тиеп-жөнелту (мұнай өнімдерінің маркаларын көрсете орырып), тонна							
Мұнай өнімі 1		Мұнай өнімі 2		Мұнай өнімі 3		...	
бір айда	ж ы л басынан бастап	бір айда	ж ы л басынан бастап	бір айда	ж ы л басынан бастап	бір айда	ж ы л басынан бастап
1	2	3	4	5	6	7	8

4-кесте

Мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі ай сайынғы ақпарат

Калдық (мұнай өнімдерінің маркаларын көрсете отырып), тонна							
Шикі мұнай, газ конденсаты және (немесе) өндөлген мұнай өнімдерінің қоспалары (ӨМК), тонна		Мұнай өнімі 1		Мұнай өнімі 2		Мұнай өнімі 3	
1	2	3	4	5	6	7	8

Атауы: _____

Мекенжайы: _____

Электрондық пошта мекенжайы: _____

Орындаушы: _____ қолы: _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

телефоны: _____

Басшы немесе оның міндеттін атқарушы адам

қолы: _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ескертпе: "Мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі ай сайынғы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

"Мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі ай сайынғы ақпарат" әкімшілік деректеріне арналған нысанға
қосымша

"Мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі ай сайынғы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. "Мұнай және мұнай өнімдерінің қозғалысы жөніндегі ай сайынғы ақпарат" нысаны "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленді.

2. 1-кестедегі нысан мынадай түрде толтырылады:

1-бағанда мұнай, газ конденсаты және (немесе) өнделген мұнай өнімдерінің қоспаларын берушілерінің тізімі көрсетіледі;

2-бағанда – өндіруші компаниялар;

3-бағанда – мұнай кен орны;

4-бағанда – бір айдағы түскен шикі мұнайдың, газ конденсатының және (немесе) өнделген мұнай өнімдері қоспаларының көлемі (тонна);

5-бағанда – жыл басынан бастап түскен шикі мұнайдың, газ конденсатының және (немесе) өнделген мұнай өнімдері қоспаларының көлемі (тонна);

6-бағанда – бір айдағы өнделген шикі мұнайдың, газ конденсатының және (немесе) өнделген мұнай өнімдері қоспаларының көлемі (тонна);

7-бағанда жыл басынан бастап өнделген шикі мұнайдың, газ конденсатының және (немесе) өнделген мұнай өнімдері қоспаларының көлемі (тонна).

3. 2-кестедегі нысан әр өнім түрі бойынша жеке толтырылады және мынадай түрде бірінші екі баған көрсетіледі:

1-бағанда – бір айда өндірілген мұнай өнімдерінің көлемі (маркаларын көрсете отырып) (тонна);

2-бағанда – жыл басынан бастап өндірілген мұнай өнімдерінің көлемі (маркаларын көрсете отырып) (тонна).

4. 3-кестедегі нысан әр өнім түрі бойынша жеке толтырылады және мынадай түрде бірінші екі баған көрсетіледі:

